

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті**

Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы

**10 тақырып. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық
қозғалысы.**

Мамандығы: 5B020300-Тарих

Авторлары:

Жакин М.С., т.ғ.к., археология, этнология және Отан тарихы
кафедрасының доценті




Бөдеев Қ.Т., археология, этнология және Отан тарихы
кафедрасының

аға оқытушысы

Сабақ түрі: дәріс

Қарағанды 2015

*И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы
бастаған шаруалар көтерілісі.
(1836-1838жж).*





И.

Тайманұл

Ы


(1791-1838)



М.
Өтемісұлы
(1803-1846)

Кіші жүз территориясы 850000 шақырым жерді алып жатыр. 1801 жылы 11 наурызда І Павелдің бұйрығымен Бөкей Ордасы (Ішкі, Кіші Орда) құрылды. Бөкей Ордасы Еділ мен Жайық арасында орналасты. Бөкей Нұралыұлы (1804-1845жж) Кіші жүздің белді сұлтандарының бірі. Орыс үкіметіне жағымды болған. Жасқұс деген жерде патша үкіметі қаражатына хан сарайы салынды. 1827ж «Хандық кеңес» құрылды. Хандық кеңес 12 биден тұрды. Салық жинаушы 12 старшын тағайындалды. Бөкей Ордасынан жер алған помещиктер – Юсупов, Безбородко.





Көтерілістің сипаты: ұлт-азаттық. Көтерілістің қозғаушы күші – қазақ шаруалары. Себебі: феодалдардың, патша әкімшілігінің озбырлық саясаты. Көтерілістің басталуына түрткі болған: 1833–жылы Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлын Каспий теңізі өңірінде көшіп жүрген қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы. Көтеріліс 3 кезеңнен өтті.




Хан

Жангир
1824-1845

• 1836 жылы 17 наурызда хан Қарауылқожаға көтеріліс басшыларын тұтқындауға бұйрық берді. 1836 жылы қазан айының соңында Исатайдың қол астына 20 ауыл көшіп келді. 1836 жылдың аяғында І Николай «бүлік» басшыларын қатаң жазалауды Чернышевқа тапсырды.

• 1837 жылы 15 қазанда көтерілісшілер Жәңгірдің сыбайласы Балқы Құдайбергелұлының ауылын Теректіқұм деген жерде талқандады. 1837 жылы қазан айының соңында 2000 көтерілісші хан ордасын қоршады. 1837 жылы 9 қарашада Тастөбе шайқасы көтерілісшілер мен Геке арасында өтіп, көтерілісшілер жеңілді. Тастөбе шайқасының көтеріліс барысына көп әсер етті: көтерілісшілер қатары азайды; Исатай төңірегінде бар болғаны ондаған өзіне берілген серіктері қалды. 1837 жылы 13 желтоқсанда Жаманқала бекінісі жанында жазалаушылардың тобын бұзып өтіп, Жайықтан шығысқа өтіп үлгерді.



Крестьянское восстание Исатая Тайманова
(1836—1838 гг.)

• Кенесары көтерілісінің Кіші жүзге таралуы патша әкімшілігінің барлық күшті Бөкей Ордасындағы көтерілісті басуға жұмсауына себеп болды. 1838 жылғы қаңтарда Исатай жасағы Шошқакөл, Горск бекінісіне, Орал әскери линиясына қауіп төндірді.



• 1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақ шайқасы өтіп, Исатай онымен қоса 80-дей адам өлді. Исатай көтерілісі бойынша жазалау ісі Гекеге тапсырылды. Көтерілісшілерден алынған мал-мүлік Жәңгір мен оның жақындары арасында бөлініп берілді.



Исатай мен
Махамбетке
қойылған
ескерткіш



- *Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс (1837-1847жж).*



XIX ғ 20 жылдарында Ұлы жүздің бір бөлігі, Кіші жүздің оңтүстік өңірінің бір жағы Қоқан бектерінің билігінде болды. XIXғ 20-30 жж Хиуа хандығы да шекті, табын, төртқара, байұлы руларына қысым көрсетті. 1822 ж Жарғыдан кейін Абылай ханның немересінің бірі Саржан Қасымұлының көтерілісі басталды. Саржанды 1836 жылы Қоқан ханның бұйрығымен зұлымдықпен өлтіреді. Жоламан Тіленшіұлы көтерілісі Кіші жүзде өтіп, отаршылдар күшпен басып алған жерлерді қайтаруға бағытталып, кейін Кенесары көтерілісіне қосылған.



Кенесары (1802-1847жж) – шыққан тегі төре. Абылайдың немересі, Қасымның ұлы. Көзқарасының қалыптасуына әкесі Қасым төре әсер етті. Кенесары жақтастары: Шеген, Қанқожа Уәлиұлы, Таны Тортайұлы, Айғаным ханым, Бопай ханша. Батырлар: Ағыбай, Иман, Жоламан Тіленшіұлы, Сұраншы, Ұлы жүзден Сыпатай, Рүстем батырлар. Көтеріліске 80-нен астам сұлтан, би, старшын қатысқан.



Кенесары Қасымұлы

«был храбр донельзя»

Л. Мейер

«Это был выдающийся во всех отношениях человек, стоявший много выше своих сподвижников, навсегда умевших выйти из сферы личных и родовых отношений, только в лице Кенесары мы встречаем в истинном смысле национального киргизского «героя», мечтавшего о политическом объединении всех киргизов, без различия племён и даже орд»






Н. Коншин

Сухощав, среднего роста и крепкого телосложения.

Умел всегда выслушать собеседника





Кенесары Касымулы



Кенесары көтерілісінің басты мақсаты: 1. Абылай хан заманындағы қазақ жерлерінің дербестігін қалпына келтіру. 2. Қазақстанның Ресей құрамына қосылып үлгермеген жерлердің дербестігін сақтау. Тағы бір мақсаты: қоқандықтар тепкісіндегі қазақтарды азат ету. Көтерілістің қозғаушы күші – қазақ шаруалары. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды, үш жүзді де қамтыды. Көтеріліске 20 мыңдай адам қатынасқан.

- 1837 жылы қарашада Петропавл қаласынан шыққан керуенді қорғайтын Ақтау бекінісі казактарының тобына тұңғыш рет шабуыл жасады.
- 1838 жылы мамырда Ақмола бекінісіне шабуыл жасап, бекіністі өртеп жібереді. Бекіністегі Қ.Құдаймендіұлы және Карбышев қашып құтылады.
- 1838 жылдың жазы мен күзінде көтеріліс Орта жүзді, 1838 жылдың күзінен Кіші жүзді қамтыды.
- 1841 жылы тамызда Кенесарының Ташкентті алуға аттанған жорығының жүзеге аспауының себебі – сарбаздар арасында жұқпалы аурудың таралуы. Дегенмен Созақ, Жаңақорған, Жүлек және Ақмешіт бекіністерін жаулады. 1843 жылы маусымда сол кездегі Ресей патшасы І Николай Лебедевке (кейін дәрменсіздігі үшін жазаланған) көтерілісті жаншуға рұқсат берді. 1844 жылдың 21-22 шілдесіне қараған түні Кенесары мен Ахмет Жантөреұлы арасында шайқас өтіп, А. Жантөреұлы жеңілді. Шайқаста Кенесарыға қарсы топтан 44 султан қаза тапты.





- Кенесары 1841 жылы хан сайланды. Кенесары феодалдық мемлекет құрғысы келді. Кенесары Хандық кеңес құрды. Хандық сот енгізілді. Опасыздық үшін өлім жазасына кесілді. Ол егіншілікпен айналысуды, жер шаруашылығын дамытуды қолдады.



Организация государственного аппарата.

- 1844-1845 жж Долгов, Герн мен Кенесары арасында келіссөз жүргізілді. Бірақ екі жақ бір-бірінің талаптарын мойындата алмады.
- Кенесары көтерілісі кезінде Қоқан елінің ханы Кенесарыға одақ жасауды ұсынды. 1847 жылдың басында Кенесары әскері қырғыздар жеріне басып кірді. Қырғыз ауылдарын шапты. Себебі, қырғыз манаптарының қоқандықтарға қарсы одақ құру ұсынысын жауапсыз қалдыруы.



Конец восстания. Отступление Кенесары на юг.

- 1847 жылы Кенесары Тоқмаққа жақын жердегі Майтөбе (Кекілік Сеңгір) деген жердегі шайқаста қаза тапты. Жеңілу себептерінің бірі: Ұлы жүз батыры Сыпатайдың 10 мың әскермен кетіп қалуы. Кенесары көтерілісі үш жүзді қамтыған XIX ғ. ең ірі көтеріліс болды.



Өзіндік бақылау үшін сұрақтар

- 1. Қай жылы генерал-губернатор Б.Игельстром Кіші жүзде хандық билікті қалпына келтіріп, Айшуақты хан етіп қойды:
- А) 1797ж.
- В) 1793ж.
- С) 1787ж.
- D) 1799ж
- E) 1784ж.
- 2. Әбілқайыр (XVIIIғ.) кім:
- А) батыр
- В) би
- С) сұлтан
- D) хан
- E) рубасы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Атабаев Қ.М. Деректану-Қазақстан қоғамдық ғылымдарының методикалық негізі. // Тарихи дерек: археография және деректану мәселелері: Республикалық ғалыми-теориялық конференция материалдары. -30 қазан. -2007ж. - Алматы, 2007. - 3-11 бб.
- Тәсілова Н. Щербинаның экспедициясы: тарихи алғышарттары, зерттеушілердің құрамы мен негізгі әдістемесі. // Қазақ тарихы. -№2. -2008 ж. -51-57 бб.
- Қазақстан тарихы: лекциялар курсы: оқу құралы / ред.басқ. Қ. С. Қаражан. - Алматы : NURPRESS, 2011. - 376 б
- Калиева, К. С. Тарихнама: оқулық / К. С. Калиева. - Алматы : Полиграфкомбинат, 2012. - 279 б.
- Қазақстан тарихы: оқу-әдістемелік құрал / жауапты ред. А. З. Смағұлова. - Астана : Ұлттық тестілеу орталығы, 2013. - 98 б.
- Мұхатова, О. Х. Тарихнама ғылымы: теориялық - методологиялық негіздері және зерттеу үлгілері: оқу құралы / О. Х. Мұхатова ; Әл - Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2009. - 185 б.